

КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ

Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда қатысушылар компания мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында оларды келіссөздер арқылы шешу жолдарын іздейді.

Корпоративтік жанжалдардың алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі, ең алдымен, осындай жанжалдарды барынша толық және жедел анықтауды және Компанияның барлық органдарының іс-қимылын нақты үйлестіруді көздейді.

Директорлар кеңесінің төрағасы Корпоративтік хатшының көмегімен корпоративтік жанжалдарды қарайды. Егер корпоративтік жанжалға Директорлар кеңесінің төрағасы тартылса, мұндай жағдайларды тағайындау және сыйақы комитеті қарайды.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) ҚМГ Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді және ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне жетекшілік етеді. ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ ішкі құжаттарын және ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарын басшылыққа алады.

ІАҚ-тың негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді енгізу арқылы ҚМГ мен оның ЕТҰ-ларын тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат беру болып табылады.

Қызметін жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асыра отырып, ішкі аудит қызметі мынадай міндеттерді орындайды:

- ◆ қолданылатын ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- ◆ ҚМГ мен оның ЕТҰ-дағы бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін бағалау және оның негізінде қаржылық есептілікті жасау;
- ◆ ҚМГ және оның ЕТҰ ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығын және активтердің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін бағалау;
- ◆ Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының, корпоративтік нормалар мен операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет ережелерінің сақталуын бақылау.

ІАҚ аудиттерінің нәтижелері бойынша компания қызметін жетілдіруге бағытталған ұсынымдар береді, ұсынымдарды орындау жөніндегі шаралардың әзірленуі мен іске асырылуына мониторингті және бақылауды жүйелі негізде қамтамасыз етеді.

ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудитті ҚМГ ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ Жарғысын, ҚМГ органдарының шешімдерін, ІАҚ жұмысын регламенттейтін ішкі құжаттарды, ҚМГ ішкі аудит қызметі туралы ережені және ҚМГ ішкі аудитін ұйымдастыру жөніндегі басшылықты басшылыққа алады.

Ішкі аудиттің жылдық Жоспары ҚМГ-ның негізгі тәуекелдерін, аудит процесінің барлық кезеңдерін және басшылықтың сұрау салуларын ескере отырып әзірленеді және аудит жөніндегі комитет пен басшылықтың арнайы сұрау салулары негізінде түзетіледі.

Аудит жөніндегі Комитет ІАҚ қызметінің нәтижелеріне мониторинг жүргізіп қана қоймай, кәсібилікті дамытуға және оның қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін ашуға назар аударады. Бұл мәселелер ІАҚ есептеріне енгізіледі және аудит жөніндегі комитет тоқсан сайынғы негізде қарайды. Есептерде ішкі аудит қызметінің оқыту мен біліктілікті арттыруға арналған бөлімше бюджетін орындау шеңберінде сертификаттау және тренингтерден/семинарлардан өту сияқты түрлі міндеттерді орындауы көрсетіледі.

ІАҚ қызметкерлерінің кәсібилігі ҚМГ ішкі аудит қызметінің тиімділігінің кепілі болып табылады, сондықтан оқыту және біліктілікті арттыру процесіне маңызды рөл беріледі.

Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында ішкі аудиттің мынадай мәселелері қаралады:

- ◆ жылдық есеп ІАҚ;
- ◆ ІАҚ тоқсандық есептері, оның ішінде жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша елеулі қорытындылар, сондай-ақ ішкі аудиторлардың ұсынымдарын орындау мониторингі;
- ◆ жылдық аудиторлық жоспар және оған толықтырулар;
- ◆ ІАҚ басшысы мен қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштері картасының нақты мәндері;
- ◆ ІАҚ стратегиялық жоспары;
- ◆ ІАҚ бюджеті;
- ◆ кадр мәселелері ІАҚ.

СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ ЖҮРГІЗУ ПРОЦЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

ІАҚ тұрақты негізде сыртқы аудитормен жұмыс істеуге тартылған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құрылымдық бөлімшелері арасында, сондай-ақ аудит жөніндегі комитет мүшелері арасында сыртқы аудитордың жұмысын бағалау бойынша сауалнама жүргізіледі. Бағалау сауалнамалардың нәтижелері бойынша және аудит жөніндегі комитет мүшелерінің және жоғары басшылықтың мүдделі өкілдерінің қатысуымен жеке талқылау қорытындылары бойынша жүргізілді. Осы бағалаудың нәтижелері аудит жөніндегі комитеттің отырысында талқыланып, сыртқы аудитордың назарына жеткізілді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмыс сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасының талаптарына сәйкес аудиттелетін тарап әрбір жүргізілген аудиттен кейін ІАҚ жұмысын бағалай отырып, сауалнаманы толтырады. Осы бағалаудың нәтижелері шоғырланады және Аудит жөніндегі комитет мақұлдайтын ІАҚ жылдық есебіне енгізіледі.

2020 жылы ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес Ішкі аудит қызметіне тәуелсіз сыртқы бағалау жүргізілді. Үлкен төрттіктің бірі – «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС ашық тендердің жеңімпазы болып танылды, онымен ІАҚ қызметінің тиімділігіне сырттай бағалау жүргізу бойынша қызмет көрсетуге шарт жасалды.

ІАҚ қызметінің ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына, үздік халықаралық практикаларға, ҚМГ Ішкі аудит қызметі туралы ережеге, ҚМГ іскерлік этика кодексіне және ішкі аудит функцияларын реттейтін басқа да қолданылатын сыртқы және ішкі нормативтік актілерге сәйкес келу мәніне тәуелсіз сыртқы бағалау нәтижелері бойынша ІАҚ стандарттар талаптарына сәйкестігі 100%-ті құрады. Осылайша, ҚМГ ішкі аудит қызметінің жұмысы стандарттар талаптарына толығымен сәйкес келеді деп танылды.

КОМПАЕНС ҚЫЗМЕТІ

COVID-19 пандемиясынан туындаған экономикалық дағдарыстың басталуымен этика мәселелері бұрынғыдан да өзекті бола түсті, өйткені этика компаенс бағдарламасының маңызды мәселелерінің бірі ретінде компаенс мәдениеті – қызметкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетінің Компанияда қабылданған нормалар мен талаптарға сәйкес келу мәдениетін қалыптастырады.

Компанияның компаенс-функциясы үшін 2020 жыл ерекше стресс-тест болды, оның шеңберінде компаенс-тәуекелдерді басқару процестерін қадағалау мен бақылауды жедел жүзеге асыру және үздік практикалар тұрғысынан экстремалды режимге бейімделу дәрежесі бағаланды.

Әлеуметтік өзара іс-қимылды шектеу компаенс қызметіне ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүйелі ұйымдастырушылық-практикалық шараларды жаңғырту шеңберінде қалыптасқан жағдайларда тиімді жұмысты ұйымдастыру тәсілдерін қарауға мүмкіндік берді, бұл Компанияның цифрлық мүмкіндіктері мен қызметкерлердің дағдыларының айтарлықтай өскенін, оның ішінде оқу тренингтерінің жоспарлы бағдарламасын өткізу нысанының бейімделуіне қатысты болды. ҚМГ барлық қызметкерлерін этика мәселелері бойынша оқыту электрондық форматта жүргізілді.

Компания ішіндегі қашықтықтан өзара іс-қимыл жасау корпоративтік саясаттар мен рәсімдердің бейімделуіне, жедел және қашықтан

жұмыс істеу жағдайында қағидалардың өзгеруін ескере отырып, оларды оңайлатуға, қызметкерлерге Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптары туралы, реттеуші ортадағы өзгерістер және жедел желінің жұмыс істейтінін еске салуды қоса алғанда, ақпараттық тарату арқылы корпоративтік коммуникацияның ролін күшейтуге ықпал етті. Бұл танысу қамтуының 100%-тіне қол жеткізуге мүмкіндік берді және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы өкімшіліктендіретін жедел желі мүмкіндіктерін пайдалануға қызметкерлер мен өзге де адамдарды тартудың өсуіне ықпал етті. Жедел желі Компания мен оның қызметкерлерінің компаенс саласындағы заңнамалық және этикалық нормаларды сақтауын бақылаудың тиімді құралдарының бірі болып табылады. Оған үш есе өскен өтініштер серпіні дәлел. 2020 жылы жедел желіге 118 өтініш келіп түсті (2019 жылы – 42 өтініш). Барлық өтініштер белгіленген мерзімде қаралып, тиісті шаралар қабылданып, өтініш берушілерге хабарланды. Өтініштердің басым бөлігі (52) кадр мәселелеріне қатысты болды: еңбек жанжалдары, әдепсіз мінез-құлық, еңбек жағдайларының теңсіздігі, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану және т.б. өтініштерді талдауды ескере отырып, компаенс қызметі ұсынымдық және алдын алу сипатындағы шараларды әзірледі. Осылайша, қызметкерлердің қашықтықтан жұмыс істеуге қатысуына байланысты қызметкерлердің қызметтік тәртіпті, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларын және ішкі құжаттарды сақтауын сапалы бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды пысықтау, іскерлік этика мәселелері бойынша оқытуға ерекше назар аудару және оны орта буын басшыларымен өткізу ұсынылды. Қызметкерлерді қамтамасыз ету бөлімшелеріне қызметкерлердің еңбек жағдайларына наразылықтың тамырлануын болдырмау үшін ұжымдардағы моральдық-психологиялық климатты зерттеу ұсынылды. Компаенс қызметіне жүгінген әрбір қызметкерді тыңдау біздің міндетіміз болып қала береді.

Қалыптасқан жағдайлар компаенс қызметінен реттеу мен этика тоғысында жаңа тәсілдерді әзірлеуді талап етті. Мәселен, корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін қолдау және Компания қызметкерлері арасындағы кез келген бұзушылықтарға нольдік төзімділікті орнықтыру мақсатында үздік әлемдік практикаға сәйкес ҚМГ Іскерлік этика кодексі жаңа редакцияда бекітілді. Онда «сұрақ – жауап» секциясы пайда болды, ұғымдық аппарат жетілдірілді және кеңейтілді, ҚМГ корпоративтік құндылықтары өзектендірілді, сыйлықтарға лимиттер, компаенс мәселелері бойынша байланыс арналары қосылды. Кодекстің форматы